

Ойнайық та ойлайық. Ұлттық ойын-ұлттық қазына.

Мектепке дейінгі мекемедегі қазақ ұлттық ойындары - мектепке дейінгі балалар арасында қазақ халқының мәдени мұрасын сақтауға және насихаттауға бағытталған. Балалар дәстүрлі қазақ ойындарымен танысады, олардың әрқайсысының ережелері мен ерекшеліктерін үйренеді. Олар сондай-ақ қазақ мәдениеті үшін осы ойындардың тарихы мен маңызын зерттейді. Ұлттық ойындар балалардың өз дәстүрлерін құрметтеуіне, ұлттық тарихына деген мақтаныш сезімін қалыптастыруға ықпал етеді. Балалар командада жұмыс істеуді үйренеді, ептілікті, қимылдарды үйлестіруді және стратегиялық ойлауды дамытады. Ойындар балаларға өз мәдениетін жақсы түсінуге және бағалауға көмектеседі, сонымен қатар олардың психологиялық және физикалық дамуына ықпал етеді.

Омпа

Асық ойынының бір түрін «Омпа» деп атайды. Оны таза ауада алаңда, не үлкен бөлмелерде ойнауға болады. Ойнаушылардың санына шек қойылмайды. Ойынның мақсаты- асық ұту. Ойнаушылар арасы 20 қадам екі көн сызады да біріншісіне төрт бұрыш жасайды (оның көлемі өзара келісіледі) дәл ортасындағы сызыққа әрбір ойыншы өздерінің асықтарын тігеді. Тігілген асықтардың ортасына бір асық мұртынан «Омпа» тұрғызады. Ойнаушылар екінші белгіленген жерден бірінің артына бірі тұрып әркімнің өз кезектері бойынша, қолдарындағы сақаларымен «омпаны» ата бастайды. Егер кімде-кім омпаға тигізсе және оны төрт бұрыштың шетіне шығарса, онда көндегі асықты түгел алады. Ал омпаға тимей, жанындағы асықтарға тисе, оны да төрт бұрыштың шетіне шығара алса, онда сол атқан асығын ғана алады. Асық таусылған сайын, көнге асық қайтадан тігіліп отырылады. Ойын жалғаса береді.

